

«ӨЗІМ-ӨЗГЕ» КОНЦЕПТІСІНІҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕ БЕРІЛУІ

Соңғы кезде тіл білімінде когнитивті лингвистика саласына ерекше қөніл белінуде. Когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымы когниция, ол білім мен ойлаудың таралуын қамтиды, сол себептен де лингвистикамен тығыз байланысты. Концепт кез келген ұғым емес, олардың ішіндегі ең маңыздысы, ең құрделісі, онсыз сол мәдениетті елестету мүмкін емес [1].

Когнитивті лингвистика өз кезегінде концептердің қалыптасу принциптерін, құрылымын және мазмұнын білімді сақтау категориясының тәсілі ретінде оку үшін сан қылы әдіс түрлерін ұсынады.

Менталды құрылым ретінде анықталған, әр-түрлі құрделі дәрежедегі білімдерді, қоршаған әлем және тіл туралы ақпараттарды сақтау мен берудің әмбебап бірлігі концепт болып табылады. Концепттер адамның санасы сүйенетін категориялардың қалыптасу негізіне де жатады. Концептің әмбебап қасиеті кабылдаудың біртұтастыры, құрылымының композициялығы, сонымен қоса оның элементтерінің бүтінге қатысты изоморфтығы болып табылады [2].

Концепт когнитивті лингвистиканың қылт терминін болғандықтан, оған қатысты зерттеулер, анықтама-

лар сан түрлі. Концепт ұт мәдениетімен тікелей байланысты, сондықтан ол өмірлік тәжірибе арқылы қалыптасады. Концепті білдіретін кез келген сөз, зат пен құбылыстың адам үшін белгілі маңызы, құндылығы бар. Бірақ зат немесе құбылыс тілде көрініс табады және оның бірліктерінде метафорада, фразеологизмде бекиді [3]. Концептің мазмұны тілде көрініс табады, біз оны тілдік материалды талдау арқылы суреттей аламыз. Құндылық үнемі әлеуметтік, сондықтан концепті білдіретін тілдік бірліктерде әлеуметтік компонент болуы шарт. Мәдени концептің құрамына құндылықтан басқа, ұғымдық және образдық элементтер де кіреді. Ұғымдық элемент шындық және ойдан шығарылған нысан туралы концептің құрылуына негіз болатын фактуалды ақпараттан құралады. Концептің басқа элементтерден айырмашылығы оның мәдениет өкілі арқылы танылуында [4].

Мәдени концепті Д.С. Лихачев барлық мағыналар мен түсініктердің жиынтығы ретінде қарастырып, ол сөздер жеке адамның санасында ойланып, сөйленгенде пайда болатын түсініктер, образдар, ойлау жүйесін, саналы немесе саналы емес түрдегі

қабылдау мен ойлаудан тұрады деген [5].

Ұлттық концептілерді идеал ретінде қарасақ, ол сол тіл өкілдерінің бәріне ортақ, ұлтты менталды түрде біріктіреді, ал шындығына келсек, бір этнос ішінде бірнеше мәдени-тілдік социум айрықшала-нады, соның негізінде мәдени концептер жасалады [6].

В.А. Маслова өзінің берілуінде көп тілдік бірліктері бар мақал-мәтелдердің, поэтикалық, прозалық мәтіндердің тақырыбы болып, сол мәдениет үшін манызды, құнды шындықтың құбылыстары концепт болатынын, ал олар өз кезегінде ұлттық мәдени мұраның уәкілі екенін айтқан [1].

Концепт тек қоғамда ғана қолданылмайды, ол сол қоғамның әсерін сезінеді. Адамның мәдени ақпаратты сактаудағы негізгі формасында концепт және табиғи тілдің сөздері болады, бірақ адам сана-лы деңгейде мифологиялық және символдық түсініктердің ықпалында қалуы мүмкін. Адам үнемі сыртқы факторлардың ықпалында болғандыктан, оның концептілік өрісі мен тіліне әсер етуі мүмкін. Ұлттық концептілік өріс концептін образдық, бағалылық құрамын қалыптастыратын құндылықтардың ұлттық жүйесін нақты ақпарат көлемін, сол мәдениет деңгейінде қарым-қатынас жасауға қажетті сол тілдің қарапайым әлемдік бейнесін құрайды. Сонымен концепт – сананың элементі, менталдық бірлік. Адамның санасты мәдениет пен тілдің арасында дәне-кер қызыметін атқарады. Санага мәдени ақпарат түседі, ол електен өтеді, өндөледі, жүйеленеді. Саны тілдік құралдар тандауына жауап береді.

Озге тілді оку, үйрену сол халықтың менталитетін түсінуге, ішкі жан дүниесіне кіруге, дүниесін тілдік бейнесін сол халықтың көзімен көрге мүмкіндік береді. Тіл адамның әлем туралы білімдерінің қалыптасуы мен өмір сүруіндегі ең маңызды тәсіл. Осы білімдердің тілдік формада көрініс тапқан жиынтығы дүниенің тілдік бейнесін құрайды [7].

Әрбір адам өз халқының тек түр сипатты жағынан ғана өкілі ғана болмай, оған қоса өз халқының рухымен сомдалған болу керек. Өз халқының уәкілі болу, оның ана сүтімен сусындалған болуы қажет. Ұлттық менталитет оның жүріс-тұрысынан, ойлау жүйесінен, дүниені рухани бейімдеп, көз алдына елестетуден т.б. айқындалады. Сондай-ақ, сөйлеу мәнерінде де ұлттық ерекшелік көрініп тұрады [8].

Тіл арқылы белгілі бір халықтың менталитеті бейнеленеді, сондықтан тіл арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады. Тіл ойдың көрінісі, заттандырылған түрі. Белгілі бір зат, не құбылыс түрі, әрекеті, бейнесі берілмейтін, олардан аулақ, тек таза тілмен

сомдалмаған ой болмайды. Әртүрлі тілдің өкілдері әлемді өз тілдерінің аясында көруі мүмкін. Сондықтан әрбір тіл өзінің тілдік бейнесі арқылы ерекшеленеді.

Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, та-ным, болмысынан, тыныс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен фразеологиз-дер, тілдегі мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады. Әртүрлі тілдегі мақал-мәтелдерді салыстыра-салғастыра зерттеу әр тілдің өзіндік ерекшелігін ашуға мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдер сөздің көркі ғана емес, халық өмірінің шежіресі. Мақал-мәтелдерді кейбір зерттеушілер паремиологияғының нысаны ретінде қарастырса, кейбіреулері фразеологияның нысаны ретінде қарастырады. Мақал-мәтелдерді фразеоло-гияның құрамында қарастыратын ғалым-лингвистерге Ә.Қайдар, И.Кенесбаев, Р.Сәрсенбаев, А.Д.Рах-штейн, Ә.Болғанбаев, М.М.Копыленко, В.А.Архангельскийді жатқызуға болады. Ал Н.Н.Амо-сова, Г.Л.Пермяков, К.Аханов, мақал-мәтелдерді тілдегі нақыл сөздер, жұмбактар сияқты қурделі формадағы сөз тіркестерін зерт-тейтін пән паремио-логияға жатқызады [8].

Ғалым Ә.Т. Қайдар «Тіліміздегі мақал-мәтелдер этолингвистиканың көптеген арналарының біріне жатады. Әрбір мақал мен мәтелдердің бо-йында этнос болмысына, оның рухани мәдение-тіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, нағым-сеніміне қатысты бай ақпарат жиналатынын ескер-сек, олардың этнос болмысын танып білуде қосар үлесі зор. Ал мақал-мәтелдер халықтың сергек ойын, тапқырлығын көрсетеді. Олар қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғаларды, табиғат құбылыстарын, адам баласының тұрмыс жайы, кәсібі, үміт-тілегі, халықтың өмірі мен іс-әрекеті сияқты жайларды, адамгершілік, мінез-құлық, тәлім-тәрбие сияқты алуан түрлі мәселелерді түгел қамтиды, осылар жайында жасалған даналық қорытынды болып та-былады», – дейді [9]. Біз де мақал-мәтелдерді фра-зеология құрамында қарастыруды жөн көрдік. Өйткені фразеологиялық тіркестер секілді мақалдардың да құрамы белінбейді, мағынасы өзгөрмейді.

Тілдегі бір-біріне ұқсас емес элементтер әр ұлттың өзіндік дүние танымы мен тыныс тірші-лігіне тікелей байланысты, тікелей қатысты. Әр халықтың мақал-мәтелдерінде сол ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Мақал-мәтелдердегі мәдени ұлттық мағына – оның құрамындағы ұлттық- мәдени компоненттері арқылы анықталады.

Түсіс емес тілдердің мақал-мәтелдерін салыс-тыраған Б.Динаева, М.Сабитова, Р.К Атаканова, А.Б.

Донбаеваның еңбектерін атауға болады. Бұл зерттеушілердің еңбектерінде мақал-мәтеддер әртүрлі топтарға топтастырылуына байланысты өзге тілдегі баламаларымен салғастырыла зерттелген.

Біздің нысанға алып отырган «өзім-өзге» концептісінің универсалды екенін яғни көркем мәтінде, газет тілінде, фольклорда кезесетінін М.С. Эштейн, Ю.С. Степанов, Б.С. Райымбекова, О.В. Баясникованың еңбектерінен білеміз. Біз бұл мақалада осы «өзім-өзге» концептерінің мақал-мәтеддерде берілугін карастырамыз.

I. «Өзім» концептісінің мағыналық көлемділік дәрежесін тәмендегідей жүйеде келтіруге болады:

1. Мен+ адам+ өзім+ жеке басым+ жеке адам ретіндегі+жеке тұлға ретінде

2. Мен +отбасым+өз отбасым + бала-шагам

3. Мен+отбасым+ тұган-туысым+агайыным

4. Мен+отбасым+ тұган-туысым+агайыным +достарым, жолдастарым, тілі, діні, ниеті, менталитеті (ділі), руы, тайпасы, жері, отаны бір адамдар.

Осы жеке адам мен адамға байланысты психологияда «адам – белгілі қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды-көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны жеке адам етеді», – [10] десе, Р.С. Немов: «личность – это человек, взятый в системе таких его психологических характеристик, которые социально обусловлены, проявляются в общественных по природе связях и отношениях являются устойчивыми, определяют нравственные поступки человека, имеющие существенное значение для него самого и окружающих», – [11] деп адам мен индивидтің айырмасын ... «если понятие человек включает в себя совокупность всех человеческих качеств, свойственных людям, независимо от того, присутствуют или отсутствуют они у данного конкретного человека, то понятие «индивиду» характеризует именно его и дополнительно включает такие психологические и биологические свойства, которые наряду с личностными также ему присущи» деп екі ұғымның ара жігін ажыраткан [11]. Осы адам мен жеке адамды «өзім» ұғымына негіздел концептер қатарында карастыруды жөн көрдік. Мақал-мәтеддерде «өзім-өзге» концептісі ең көп кездеседі.

«Өзге» концептісі –жат, бөтен, бейтаныс, сенікі, онықі, жасау, дүшіпан, таныс емес, кісі елі, иісі болек, діні, тілі болек, заты басқа, қаны бөтен, оғей сөздерімен беріледі.

Енді осы концептілерді мысалдарда карастырып көрелік:

Өз үйім өлең төсегім.

Шіркін менің өз үйім, кең сарайдаій боз үйім-Әркімнің өз жері жүзмақ.

Тұган жердей жер болмас, тұган елдей ел болмас.

Тұган жерде пайда бар, өз еліңдей қайда бар.

Отан оттан да ыстық.

Өз елінде көр тышқан да батыр.

Ит тойған жеріне, ер тұган жеріне

Өз еліңнің иті де қадірлі [12].

Бұл мақалдарда «өзім» концептісі өз үйі, өз жері, тұган жері, отан, сөздерімен беріліп тұр. Түсіндірме сөздікте :

1. *Отан* з.е. 1. Тұган ел, өскен жер; 2. *Үй-iши семья*.

2. *Жер* з.е. 1. Мекен жай, қона тын жер; 3. Ел-халық, жұрт, қауым. Тұган жер – кіндік қаны тамған жер. 4. *Үй-1.Адам тұратын, мекендейтін баспа на. 2. ауыс.Бірге тұратын адамдар, үй-iши адамдары, семья мушелері, мекен-жай, үй-iши, семья.*

Әр адамға өскен жері, тұған елі ыстық екенін, еш жер өз тұған жеріңдей ыстық болмайды, өз елінде ғана өзінді еркін сезінесін, еш нөрседен корықпайсың деп, тіпті кішкентай көртышқаның да өз елінде өзін батыр сезінетінін айтады. Ит тойған жеріне деп иттің қарны қай жерде тойса сонда жүре береді, сол секілді жат елде пайда үшін жүрмей ерлердің тұған жерге оралуы міндет екенін ескертең.

Осы мақалдардың француз тіліндегі баламала-рына көніл белсек:

1. *Il n'est point de terre plus douce que la patrie – Отандай жұмсақ жер жоқ*

Бұл мақалда өзім концептісі *patrie* – отан сөзімен беріліп тұр.

Patrie(f)- Patrie n.f .pays du pere. 1. Nation, communauté politique a laquelle on appartient ou) laquelle on a le sentiment d'appartenir. 2. Pays habité par cette communauté. 3.V.Nation, pays. Compatriote. Mourir pour la patrie. Lieu où l'on est né (ата жұрт, 1. Ұлт, саяси қоғам, осы қоғам өмір сүріп жатқан ел. 2. Ұлт, ел. Отандас. Отан үшін өлу. Адам (тұған жер) байқағанымыздай отан ұғымын біз секілді тұған жер мен ата жұрт пен сабактастырады екен.

2. *A tous les coeurs bien nés que la patrie est chère – Саналы азаматқа отаны қымбат яғни отан оттан да ыстық.*

3. *Tout chien est fort a la porte de son maître.-*

барлық ит өз есігінде батыр яғни өз елінде көр-тышкан да батыр.

4. *Un coq se sent fort sur son fumeur* – Өтеш өзін тауықкорасында жақсы сезінеді

5. *A chacun oiseau son nid semble beau* – Әр құска өз ұясы жақсы көрінеді, өз үйім өлең төсегім, бұл мысалдарда «өзім» концептісі *отан, қора, қожайынның есігі*, ұя сөзімен беріліп тұр. Үйді ұя сезі алмастырып тұр. Ұяға француздар мынадай анықтама береді:

Nid –n.m 1. Abri que les oiseaux construisent pour y pondre, couver leurs œufs et elever leur petit. Par ext. caractérise un matériau dont la structure cellulaire rappelle celle d'un rayon de miel. Par métaphore logis de l'homme considère surtout sous son aspect d'intimité, de confort. un nid douillet, un vrai nid d'amoureux (ауди мәғынасында сәл өзгешелік бар ұя көңілдестер ұясы деп орыс тіліндегі любовное гнездышко сезімен сәйкес келеді) [13].

Ұя-1. Құс пен араның балапан басатын, бал жинап, ұрық салатын орны. (ауди. бір нәрсеге орын тегінен, қоныстанған жер, құтты қоныс). 2. Бір нәрсеге ұйытқы болған негіз, шоғырланған жері. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Бала шағасы жайлышын тапқан, әрқайсысы өзімен-өзі.

Ағайын-түйсқа қатысты мақал-мәтедлер.

1. *Өз ағасын агалай алмаган, кісі ағасын жағалай алмайды* – Бұл мысалда өзінің туған бауырларына, жақындарына жақсылығы жетпеген, сый көрсетпеген адамның басқа жат адамнан қолдау табуы қын екенін айтады. Өзім концептісі *өз ағасы* өзге концептісі *кісі ағасы* сезімен беріліп тұр. Бұл екеуі де мәғиналық қарама-қарсылыктар.

Aga з.е. 1. Түйсқан адамдардың жас жағынан ұлкені. 2. Ағаны көріп іні өсер. Жасы ұлкен ер адам. 3. Жолбасшы, ақылтей, жетекші.

Kici з.е. 1. Бөтен біреу, бөгде адам. 2. Кісі қонақ, мейман, кол, әскер, кісі елі-бөтен жер, бөгде жүрт. *Kici* елінде сұлтан болғаниша, өз еліңде ұлтан бол.

Сұлтан з.е. Шығыс елдерінде жергілікті билеушілердің лауазымы. Қазақстанда сұлтан лауазымының мән-мағынасы сол қалпында сакталып, ол Шынғыс ханның тұқымына беріледі.

2. *Ағайын барда дүшпаным жақ деме, абысын барда күнделісім жақ деме*, – казактарда абысындардың күнделес болатыны қалыпты жағдай болғандықтан, олар кез келген уақытта ағайынды кіслердің ортасына түсіп, олардың арасына от жағып дүшпан – бір-біріне жау етуі мүмкін екені айтылады.

Дүшпан з.е. Дос емес, қас, жау. Досына өтірік

айтпа, дүшпаныңа сырынды айтпа.

Күнделес с.е. Бақталас, бәсекелес, күншіл.

Французша баламасы. 1. *Chacun a pour ennemis les gens dans sa maison* – Әркімнің өз үйінде жауы бар.

2. *Il n'est pire ennemi que ses proches-* Өз жақындарыңан жасам жау жақ

Бұл жерде өзге концептісі *жасау* сезімен беріліп тұр.

Жау з.е. 1. Біреудің елін, жерін жаулап алмак болып шабуыл жасаушы. 2. Өштескен, қастасқан адам, дүшпан. 3. Зиянын тигізетін, кесірін тигізетін нәрсе. 4. ауди. Белгілі бір нәрсеге тойымсыз, аш көз, обыр.

3. *Өзім деген өзекке теннес* – сені өз адамым деп санаған адам жамандыққа итермес, керісінше киын-қыстау кезде қол ұшын берер деген мәғина-да беріліп тұр.

4. *Өз өлтірмес, жат жарылқамас* – Өз туысын, сені өзім деп бауырына тартқан адам өлтірмейді, көмек көрсетеді десе, жат адамнан жақсылық күтпе, оның сені жарылқауы екіталаі дейді.

5. *Өз балаңды өзекке тенсек де кептейді, кісі баласын кісендесең де тұрматайды* – мұнда өз балаңды қанша ұрсып, балағат сөздер айтсаң да, ұрсан да өз ұясына қайтып оралатынын, ал кісі баласына қанша жақсылық жасасаң да жат екенін сезіретінін, қылбұрауға алсаң да кетіп қалатынын айтады.

6. *Үйленгене өз ұлың, үйленген соң кісі ұлы – өзім-өзге концепті «өз, кісі» сөздерімен беріліп тұр.* Мұндағы айттар ой ұлының үйленгенге дейін әкешешесінің ойтарымен санасатынын, кенестерін тыңдайтынын айтса, үйленген сон жарының мінезіне байланысты өзгеретінін, өз ата-анасынан алшактайтынын ескертеді.

Сонымен мәдени концептер халықтың менталитетінде көрініс тапқандықтан ол тікелей сол ұлттың тілімен, мәденистімен тығыз байланысты болады. Мақал-мәтедлер адам іс-әрекетін шын мәнінде бейнелеп, еш өзгерпестен ұрпактан-ұрпакқа жеткізеді және сөйлеу барысында негізге алынып, нақты дәлелдер беру үшін де колданылады. Мақал-мәтеддердің құрамы өзгермейді, тілде сол қалпында колданылады. Олар әр ұлт мәденистінің тілдік мұрасы, сол арқылы біз әр ұлтқа тән ұлттық ерекшеліктер мен ұқастықтарын табамыз. Біз қарастырған «өзім-өзге» концептісіне байланысты мақал-мәтедлер француз және қазақ тіліне де ортақ екенін көз жеткіздік. Олардың тұра мәғинасында немесе балама мәғиналық жағынан сәйкес келіп ортақ ойды білдіретінін байқадық. Әр ұлттың өз

концептерін вербалдауына байланысты мақал құра-
мындағы сөздер өзгеше болуы мүмкін, алайда,
мағыналық сәйкестіктері ұқсас екені анықталды.

ӘДЕБИЕТ

1. *Маслова В.А.* Когнитивная лингвистика М.: Наука, 2000. С. 350.
2. *Болдырев Н.Н.* Значение и смысл когнитивной точки зрения и проблема многозначности // Материалы второй межд. семинара по когнитивной лингвистике. Тамбов, 2000. В. 2. Ч. 1. С. 11-17.
3. *Карасик В.И.* Культурные доминанты в языке // Языковая личность – культурные концепты. Волгоград-Архангельск, 1996.
4. *Попова З.Д., Стернин И.А.* Понятие концепт в лингвистических исследованиях. Воронеж, 1999.
5. *Лихачев Д.С.* Концептосфера русского языка // ИА СЛЯ. М., 1993. Т. 52. №1.
6. *Масалитин В.* Концепт «Глаза» в русской языковой картине мира // КазҰУ хабаршысы. Филол. сериясы. 49. 2001.
7. *Кішібеков Д.* Қазақ менталитеті : кеше, бүтін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. 200 б.
8. *Атаханова Р.К.* Тұыс емес тілдердегі мақал-
мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты (неміс және қазақ мақал-мәтелдері негізінде): канд. дис. Алматы, 2005. 185 б.
9. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10. 18-22-66.
10. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы: Мектеп, 1982. 280 б.
11. Немов Р. Психология. М.: Прогресс, 1997. 377 с.
12. Жәрдем Салихұлы Кейкін. Қазақтың мақалы мен мәтей. Алматы, 1995. 338 б.
13. Maurice Malaux. Dictionnaire des proverbes sentences et maximes. Paris, 1960. Larousse.